

Дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 175 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда № 6034 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 48-бабына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. У. Х а й р у л л и н г е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 9

қ а з а н д а ғ ы

№ 175 қаулысымен бекітілген

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

№	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2	Көп балалы отбасыларының оқушы-балалары	Тегін
3	Балалар үйлерінің оқушы-балалары	Тегін
4	Спорт ардагерлері	Тегін
5	Оқушылар	Тегін
6	Студенттер	Тегін
7	Зейнеткерлер	Тегін

**Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК